

**Қостанай қаласы әкімдігінің "Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы"
2022 жылғы 10 қазандағы № 2339 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 19 қаңтардағы № 76 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қостанай қаласы әкімдігінің "Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы" 2022 жылғы 10 қазандағы № 2339 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

М. Жүндібаев